

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1365 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Ресей Федерациясының Беслан қаласындағы лаңкестік әрекет құрбандарын еске алу және лаңкестік әрекет салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету туралы" 2004 жылғы 6 қыркүйектегі N 495 өкімінің 3-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Ресей Федерациясының Үкіметіне Беслан қаласында перзентхана салуға көмек көрсету үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 131160000 (бір жүз отыз бір миллион бір жүз алпыс мың) теңге с о м а с ы н д а қ а р а ж а т б ө л і н с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.02. N 1044 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп, көрсетілген қаражатты айырбастасын және оларды белгіленген тәртіппен Ресей федерациясының Үкіметі белгілеген шотқа аударсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) дипломатиялық арналар арқылы Ресей Федерациясының Үкіметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің көмек көрсеткені туралы хабардар етсін;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметін бөлінген қаражаттың пайдаланылуы т у р а л ы х а б а р д а р е т с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі